

«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Мирзалетнев Бейбіт Аппибековичтің «Национальгe Ресей 1ұғылмандық Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» атты тақырыбындағы диссертациялығы жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРҒЫ

Р/н/№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;	1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жат дайындалатын дін, тарих пен мәдениеттің дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация бақа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Респуббликасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басымы бағытына сәйкес (бағытын көрсетуу)	6D020600 - Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
3.	Өзі жазу принципін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс зерттеу тақырыбы ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеуде Орынбор мұфтилігінің штаты мен діни дауазымын араб тіліндегі мағынасы, діни терминдік мәні мен қасиетті мәтіндердегі мысалы салыстыру арқылы ашылған. Сондықтан рецензиялауға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.
		Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жотары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жұмыстың мәтініне талдамалау жасау нәтижесінде автордың өзі жазу деңгейі жотары деп бағаланды. Өйткені, автор ойларын жақсы тұжырымдап, әдебиеттерге берілген сілтемелерін орындай жерде келтірген және сонымен қатар зерттеудің жазу стилі ғылыми дәлелді, логикалық қисынмен ұйқасалды.

4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертацияның өзектілігін автор екі бағытта өзектілігі негіздейді. Оның біріншісі қазіргі кездегі исламдық діни бірлестіктермен мемлекеттің қатынасын реттеудің тарихи аспектісінің өзектілігін көтереді. Екіншісі тақырыптың осы күнге дейін мән берілмеген тұстарын дінтанулық тұрғыдан зерттеуді өзектендіреді. Сондықтан автор көтерген проблемалар ауқымы бүгінгі таңда өзекті болып табылады.</p> <p>Диссертация мазмұны мен құрылымы негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Автор алдымен Орынбор мұфтиілігінің штаты мен әкімшілік басқаруының алғашқы тарауда береді. Содан кейін Орынбор мұфтиілігінің дін қызметкерлерінің лауазымдары мен жаппы мұфтилік апаратының діни қызметіне талдаулар жасайды. Соны тарауда Бөкей ордасындағы дін қайраткерлерінің қызметіне арнайы тоқталған. Тақырып барынша дінтанулық зерттеулердің жаппы бағыты мен бағдары ұтымды айқындалған.</p>
5	Ғылыми жанашылдық принципі	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ <p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен кагидаттар жана болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып 	<p>Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқанын атап өтеміз. Барлық бөлімдер өзара тығыз байланысып, жаппы жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыптың толықтай ғылыми сабақтасуына мүмкіндіктер береді. Зерттеуде келтірілген сараптамалық жұмыстар бір ғана негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін жүйеленген.</p> <p>Автор патшалық ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқарудың реттелуі кезіндегі он және кері тұстарын сыни талқылай алған. Мысалы, Орынбор мұфтиілігінің құрамында болудың пайдасы ретінде шоқындыру саясатын ОМДБ территориясына жүргізуді бәсеңдеткенін көрсете отырып, осы күнге дейін айтылып келген шоқындырушылық саясатқа деген бір жақты пікірге сыни талдаудың көрсете алған. Сондықтан жұмыста автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді.</p>
			<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен кагидаттары «толығымен жана» болып табылады деп бағалаймыз. Әсіресе, Орынбор мұфтиілігінің құрылу және қазақтардың мұфтилікке енгізілуінің ішкі және сыртқы себептері жана қырынан талданған. Бұл бағытта ресейлік зерттеушілер тарапынан еңбектер жасалғанымен диссертациялық</p>

	<p>табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жұмыста дінтанулық қыры арқылы жаңалыққа қол жеткізілген. Сондай-ақ Ресей патшалығының мүсылмандарды марапаттау жүйесіне тоқталып, діндарлар мен бйлік өкілдерінің ара қатынасын ықпалдастықта талдаған. Шын мәнінде мүсылман дін қызметкерлерін «исламдық емес» жүйедегі белсенділігін арттыру мәселесін зерттеу арқылы тын жаңалықтарға жол ашқан.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деген ойдымыз. Мәселен автордың еңбегінде Ресей патшалығындағы мүсылман дін қызметкерлерінің лауазымдарының діни қырына үйіліп, жаңа нәтижеге қол жеткізілген. Сондай-ақ Орынбор мұфтилігінің шариини сот қызметі исламдағы қазылық қызметімен салыстырылған және осы бағыттың қазақ даласындағы басты ерекшеліктеріне аса мән берілген.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, алайда зерттеудің мәнінде камтылған тұжырымдардың барлығының практикалық маңызы зор және олар толық негізделген. Диссертацияның жалпы ғылыми нәтижелері ауқымды. Сол себепті диссертациялық жұмыс рецензент тарапынан «толығымен жаңа» деген бағалауға ие болып отыр.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген;негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертация мәтінінің мазмұны мен таңдалған тақырып барынша сәйкестендірілген. Қол жеткізілген ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйенеді және нақты дәйектеледі. Әсіресе зерттеудің негізгі бағыттары өзіннің деректемелік және әдістемелік үйіесімділігі негізінде өз ауқымын арттырып, дәлелдемелердің негізділігін күшейтеді.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі кағидағтар</p>	<p>Әр кағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Кағидағ дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиялды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия;</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі кағидағтар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әсіресе діни мәтіндер мен заңнамалық құжаттарды, екінші деңгейлі зерттеулерді талдауда тиімді пайдалана алаған. Әрбір кағидағ «дәлелденді» деген қорытынды жасалды. 7.2 Жұмыс кағидағтары тривиялды, яғни үстірт түрде емес. Сондықтан, бұл жерде «жоқ» деген баға берілмеді. Автор әрбір нәтижені тиісінше теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, диссертант теориялық зерделеумен бірге әлеуметтік практикаға шығудың жолын іздейді, көбінесе әлеуметтік процестермен зерттеу мәселесін байналыстырады. 7.3 Негізгі кағидағтардың барлығына «жаңа» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жанашыл кағидағтарының жалпы саны жеті екені байқалды. Алғашқысында</p>

	<p>2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Орынбор мұфтилігінің құрылу және қазақтардың мұфтилікке енгізілуінің ішкі және сыртқы себептері талданған. Екіншісінде Ресей патшалығының мұсылмандарды марапаттау жүйесіне тоқталып, діндарлар мен билік өкілдерінің ара қатынасын ықпалдастықта талданған. Содан кейін Ресей патшалығындағы мұсылман діні қызметкерлерінің лауазымдарының діни қырына үңіліп, жана нәтижесі е кол жеткізген. Төртіншіден Орынбор мұфтилігінің шариғи сот қызметі исламдағы қазылық қызметімен салыстырылған және осы бағыттың қазақ даласындағы басты ерекшеліктеріне аса мән берілген. Ал, диссертациялық жұмыста аталмыш мәселелер танымал тұлғалардың еңбектері мен діни құқықтық әдебиеттер арқылы талданып, алдыңғы зерттеушілерде камтылмаған қырына тоқталған. Бөкей Ордасы мен Жәңгір ханның мұсылмандық басқару ерекшеліктерін айқындауға дербес тарауды арнау арқылы докторант Жәңгір Бөкейұлының жанаша бастамалары мен діни ұстанымдарын, діндарлар қорпусын басқаруын зерттеген және жаңалықтар таба алған. Алтыншыдан Бөкей ордасындағы діни ағарту жұмыстарының ұйымдастырылуы және діни қайраткерлердің еңбектері негізінде талданған. Нәтижеде халықты діни ағарту ісінің негізгі бағыттары анықталған. Жетіншісінде Орынбор мұфтилігінен шығарылғаннан кейінгі қазақтардың неке және отбасы істері ОМДБ-ның күзіретінде 1891 жылға дейін қарастырылғандығын дәйектеді (диссертацияның 70, 71 беттерінде). Жоғарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді.</p> <p>7.4 Кағидаттардың қазіргі ғылым мен білімінің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кен» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманитарлық пәндердің яғни дінтану, исламтану тарих, құқық, әдебиет, тіл және саясаттану саласында мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан рецензент тарапынан бұл бап «кен» деп бағаланды.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.</p> <p>Жұмысты орындау барысындағы әдістеме тұртысынан автордың отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілері тарапынан пайдалы және жүйелі кеңестер алғаны байқалып отыр. Дін тарихы мен жалпы дінтануда қолданылатын көптеген ғылыми тәсілдер тақырыпты зерттеу барысында кенінен қолданылған. Әсіресе, тарихи салыстырмалық, құрылымдық-функционалды, феноменологиялық талдау және герменевтикалық әдістерді қолданулары зерттеудің әдістемелік тандауының тиімділігін көрсетеді. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға береміз.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	

дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи, дінтанулық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Докторан компьютерлік тәсілдерді тиімді игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті деректерді ұтымды түсіндірмеу мен қорытындылауда жетістіктерге жеткен.</p>
<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәрілау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, зерттеу кезеңдері жалпы қазақстан тарихымен, қазақ халқының діни танымының жалпы эволюциясымен астасып тұр. Зерттеуші өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындатуға тырысады. Мәселен, ресей патшалығы тұсындағы діни лауазымдар мен дін саласындағы басқаруды зерттей келе бүгінгі таңдағы практикадағы мұсылмандық басқару мен мемлекет және дін ара-қатынасын түсіну үшін ғылыми-практикалық алғышарт жасайды. Сондықтан дін адамдары мен мұсылмандық басқарудың тарихы өзге кейінгі кезеңдер үшін маньзды болып қалғандығын дәлелдеуге таптынады. Бұл әрекеттерге «ия» деген баға берілді.</p>	
<p>8.4 Маньзды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу тақырыбында қамтылған маньзды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор тақырыпқа қатысты танымал шетелдік және отандық зерттеушілердің ауқымды еңбектерін қамти алған. Кейбір сілтемелерге сілтеме келтірген авторлардың пікірлерін салыстырып, сыни көзқарасын да таныта алған. Диссертацияда келтірілген маньзды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады.</p>	
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертация мазмұнында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға толығымен жеткілікті. Автор мұрағат құжаттарын, екінші деңгейлі дереккөздерді және заңнамалық құжаттар мен діни мәтіндерді қатар қолданады. Өйткені тақырыптың аясы осы бағыттағы әдебиеттерді талап етеді. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін тарихи, діни, құқықтық еңбектерді де қамти алған деген пікірдемін.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маньзы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маньзы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертацияның теориялық маньзы жоғары. Себебі мемлекет және дін қатынасына қатысты теориялық базаны күшейтеді. Сонымен қатар діни ұйымдардың өзін өзі басқарушылық қабілетінің гипотезалық мүмкіндіктеріне үлес қосады. Сондықтан теориялық маньзға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді.</p> <p>Диссертация мәтінде келтірілген мұсылмандық басқаруға қатысты қорытындылардың практикалық маньзы зор және еліміздің дін салаларының мемлекеттік басқару ісінде және діни бірлестіктердің қызметін заңнамалық ұйымдастыруда қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған</p>

	2) жоқ	жылдардан бері діни бостандық пен зайырлылық жолына түскені белгілі. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Диссертация мәтінде өрнектелген практикалық ұсыныстарды «толығымен жана» деуге болады. Өйткені автор теориялық негіздегі ойларды айта келіп, жалпы тарихи оқиғалар желісімен үйлестіре отырып, мемлекеттік органдардың практикалық жұмысы мен мұсылмандық басқару бойынша практикалық іс-қимылдарды үйлестіруді ағастыра көрсеткен. Автордың практикалық қорытындылары дін саласы мен қазақстанның рухани дамуына өзінің игі ықпалын тигізеді деген пікірдемін.
1 Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен;	Диссертациядағы автордың академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде» деуге негіз бар. Өйткені, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-салыстыру, дінтанулық талдаулар тәсілдері мен принциптерін тиімді қолданған. Жұмыста дінтанулық және өзге де пәнаралық әдістер үйлестімділікпен өрбіген. Нәтижеде зерттеу мәтінінің академиялық жазу сапасы жоғары деңгейге көтерілген.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

1) «БД020600 – Дінтану» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін Мирзагелдиев Бейбит Алипбековичтің «Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мұфтилігі мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына филология докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті,

Дінтану және мәдениеттану,
кафедрасының доценті, PhD докторы

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)


РАСТАЙМЫН

әл-Фараби атындағы Қазақ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының

ЗАВЕРЯЮ

Научный сотрудник подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. алы-Фараби

Р.Е. Кудайбергенов



« _____ » _____ 20 ____ ж.г.



Бағашаров Кудайберди Сабыржанович

(аты-жөні)